

*Р.Қ. Айдарбаева* <sup>\*1</sup>

<sup>1</sup>*т.ғ.к., қауымдастырылған профессор,  
Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Өскемен қ., Қазақстан  
E-mail: [raushan\\_aid@mail.ru](mailto:raushan_aid@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-4731-5363>*

## **БОСҚЫНДАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ШЕКАРАСЫНДАҒЫ ТЕРРОР (XX ғ. 30 жж. басы)**

### *Аңдатпа*

Қазақстандағы кеңестік модернизация және оның салдары туралы мәселе еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта кең түрде зерттеліп келеді. Соның ішінде 20-30 жылдардағы Ашаршылық миллиондаған адамның өмірін қыршынынан қиып, ұлтымызды құрып кету шегіне жеткізді. Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты бұрын-соңды болмаған босқыншылыққа алып келді. 1930 жж. басындағы Қазақ-Қытай шекарасы аумағында орын алған босқыншылық және қазақ босқындарына қарсы қолданылған кеңестік биліктің террорлық әрекеттеріне баға беру көзделген.

Архив материалдарының мол қоры мен ауызша тарихи деректерді кең түрде пайдалана отырып, шекаралық аймақта орын алған зорлық-зомбылықтың себептерін, ауқымын және түрлерін анықтау белгіленген. XX ғасырдың 30 жылдарының басындағы Қазақстанның шығыс шекара аймағында орын алған қайғылы оқиғалар жан-жақты зерттелді. Босқыншылықтың себептері, оның аймақтық ерекшеліктері анықталды. Билік өз тарапынан жіберілген қателіктерді мойындап, нәубеттің себептерін анықтап жоюдың орнына бейбіт халыққа қарсы жаппай террорлық әрекеттерді қолданды. Қазақ өлкесіндегі босқындық және қазақ босқындарына қарсы кеңінен қолданылатын зорлық-зомбылық актілері сталиндік режимнің ең қатыгез қылмыстарының бірі болып табылады.

**Кілт сөздер:** Қытай, босқын, босқыншылық, ашаршылық, шекара, террор.

*Айдарбаева Р.Қ.* <sup>\*1</sup>

<sup>1</sup>*к.и.н., ассоциированный профессор,  
Восточно-Казахстанский технический университет им. Д.Серикбаева, г. Усть-Каменогорск,  
Казахстан  
E-mail: [raushan\\_aid@mail.ru](mailto:raushan_aid@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-4731-5363>*

## **БЕЖЕНЦЫ И ТЕРРОР НА КАЗАХСКО-КИТАЙСКОЙ ГРАНИЦЕ (начало 30-х гг. XX в.)**

### *Аннотация*

Вопрос о советской модернизации в Казахстане и ее последствиях стал широко изучаться после приобретения независимости Республики. В том числе голод 20-30-х годов, унесший жизни миллионов людей и поставивший наш народ на грань исчезновения. Политика коллективизации советской власти стала причиной массового беженства. Изучение беженства на территории казахско-китайской границы в начале 1930-х гг. и оценка террористических действий советской власти, применявшихся против казахских беженцев. На основе использования широкого круга источников выявить причины, масштабы беженства и виды насилия, имевшего место в приграничной зоне.

На основе анализа и сопоставления архивных источников и материалов устной истории всесторонне исследованы трагические события начала 30-х годов XX века, произошедшие в приграничной зоне Восточного Казахстана. Выявлены причины беженства, его региональные особенности. Вместо того, чтобы выявить и устранить причины массового беженства, власти не признали допущенные со своей стороны ошибки и использовали массовые террористические акты против мирного населения. Беженство в казахском крае и акты насилия, широко применявшиеся против казахских беженцев, являются одними из самых жестоких преступлений сталинского режима.

**Ключевые слова:** Китай, беженец, беженство, голод, граница, террор.

*Aydarbayeva R.K.* <sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Ph.D., Associate Professor, D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

E-mail: [raushan\\_aid@mail.ru](mailto:raushan_aid@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-4731-5363>

## REFUGEES AND TERROR ON THE KAZAKH-CHINESE BORDER (early 30s of the xx century)

### *Abstract*

The issue of Soviet modernization in Kazakhstan and its consequences began to be widely studied after the acquisition of independence of the Republic. Including the famine of the 20-30s, which took the lives of millions of people and put our people on the brink of extinction. The policy of collectivization of the Soviet power became the reason of mass refugees. To study the refugees on the territory of the Kazakh-Chinese border at the beginning of the 1930s, and to assess the Soviet authorities' terrorist actions against Kazakh refugees. Using a wide range of sources, to identify the causes, the extent of refugees, and the types of violence occurring in the border zone.

Based on the analysis and comparison of archival sources and materials of oral history, the author comprehensively investigated the tragic events of the early 30's of XX century, which took place in the frontier zone of East Kazakhstan. The causes of refugees, its regional peculiarities were revealed. Instead of revealing and eliminating the reasons of mass refugees, the authorities did not acknowledge their mistakes and used mass terrorist acts against the peaceful population. Refugees in the Kazakh region and the acts of violence widely used against Kazakh refugees are among the most brutal crimes of the Stalinist regime.

**Keywords:** China, refugee, refugee status, famine, border, terror.

**Кіріспе.** Қазақстандағы кеңестік модернизация және оның салдары туралы мәселе еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта кең түрде зерттеліп келеді. XX ғасырда қазақ халқының басынан небір нәубеттер өткені аян. Соның ішінде 20-30 жылдардағы Ашаршылық миллиондаған адамның өмірін қыршынынан қиып, ұлтымызды құрып кету шегіне жеткізді. Әр түрлі саяси-экономикалық науқандардың нәтижесінде халқымыздың бір бөлігі тұрғылықты жерін тастап, ауа көшуге мәжбүр болған болатын. Бұл кейбіреулер айтқандай «көшпенділердің үйреншікті көшуі» емес, халқымыздың басына түскен үлкен қасірет болды.

**Өзектілігі.** XX ғасырдағы Қазақстан тарихы туралы айтқанда біз негізінен кеңес дәуіріндегі еліміздің қол жеткізген елеулі табыстары туралы көбірек айтамыз. Әрине, ол жетістіктерді жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен, сол жеңістердің құны қандай болғаны туралы шындық әлі де болса толық айтылмай келеді. Елімізде жүзеге асырылып жатқан саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтау үрдісі осы кемшіліктің орнын толтырады деп сенеміз. Бұл үрдістің өзіндік ерекшеліктері бар екендігін де атап өткен жөн. Ақтау барысына бұрын қарастырылмаған құрбандар санаттары да енгізіліп отыр. Соның бірі – босқындар мәселесі. Босқыншылыққа ұшыраған негізінен қазақ аудандары болғанын, зардап шегушілердің негізінен жергілікті ұлт өкілдері екендігін мойындауымыз қажет.

Отандық тарихнамада толыққанды зерттеле қоймаған тақырыптардың бірі – босқыншылық мәселесі, соның ішінде билік тарапынан босқындарға қарсы қолданылған террорлық әрекеттер зерттеуімізге арқау болып отыр. Кеңестік билік өз тарапынан жіберілген қателіктерді мойындап, нәубеттің себептерін анықтап, оны жоюдың орнына халыққа қарсы өзінің зорлық-зомбылық саясатын одан әрі күшейте түсті. Біздің зерттеуіміздің нысаны 1930 жж. басындағы Қазақстанның шығыс шекарасы аумағында орын алған босқыншылық және қазақ босқындарына қарсы қолданылған кеңестік биліктің террорлық әрекеттері болып табылады. Архив материалдарының мол қоры мен ауызша тарихи деректерді кең түрде пайдалана отырып, шығыс шекаралық аймақта орын алған зорлық-зомбылықтың себептерін, ауқымын және түрлерін анықтау белгіленген.

**Материалдар мен әдістер.** Босқыншылық мәселесі ұзақ уақыт бойы зерттеушілер назарынан тыс қалып келген еді. Оның басты себептерінің бірі осы мәселеге байланысты дереккөздердің жеткіліксіздігі болатын. Тек Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. К. Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы Жарлығының қабылдануының нәтижесінде ғана қазақстандық босқындардың тағдыры туралы құжаттар мен материалдар ғылымға ашыла бастады. Тұңғыш рет отандық ғылым тарихында арнайы мемлекеттік мұрағаттардың құпиясыздандырылған құжаттарының жинақтары жарық көрді [1], [2]. Олар 2021-2022 жылдар бойы Мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңесінің ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, ҚР Бас прокуратурасымен, ҚР Жоғарғы Сотымен, ҚР Ішкі істер министрлігімен және олардың мұрағат мекеме-лерімен өзара тиімді іс-қимылының арқасында қолжетімді болды. Сонымен қатар, ғылыми айналымға алғаш рет Қытай Халық Республикасымен шекаралас Алматы және Шығыс

Қазақстан облыстарының аудандық мұрағаттарында (Жаркент, Зайсан, Алтай қалалары) анықталған құжаттар енгізілді.

Зерттеу нысанына қатысты кейбір деректер «Трагедия казахского аула. 1928-1934» [3] жинағынан алынды. Аталған жинақта дәстүрлі қазақ ауылының өмірін түбегейлі өзгерту үдерістерін баяндайтын, азаматтарға қатысты мемлекеттің жазалау-репрессиялық саясатының өсуі туралы түсінік беретін орталық мемлекеттік органдардың құжаттары жарияланған [4]. Сонымен қатар, Кеңестер Одағының орталық архивтері құжаттары негізінде жарық көрген құжаттар жинақтары зерттеудің деректік негізін нығайта түседі [5].

Тұжырымдамалық тұрғыдан алғанда, аталған жинақтарда ұсынылған құжаттар авторитарлық саяси режимнің мәнін, оның мүдделерінің көбінесе жергілікті халықтың жекелеген топтарының ғана емес, сонымен бірге бүкіл этникалық топтардың мүдделеріне кереғар келгендігін ашып көрсетеді.

Зерттеудің әдістемелік негізін жалпы ғылыми әдістер құрады. Тарихилық, шынайылық, жүйелілік принциптерін қолданумен қатар, архивтік және ауызша тарихи деректерді салыстыру арқылы тақырыпты ашуға тырыстық.

**Талдау.** Қазақстан өз тарихында бірнеше рет жаппай босқыншылық пен этникалық көші-қон құбылысына тап болды. Соңғы уақытта отандық тарихшылардың осы мәселе бойынша зерттеу жұмыстары жандана түскенін атап өтуіміз қажет. «XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары» атты ұжымдық монографияны осы бағытта жарық көрген алғашқы кешендік зерттеу деп атауымызға болады [6]. Зерттеу жұмысында XX ғ. 20-жж. соңы - 30 жж. басындағы Қазақстандағы босқыншылық халық наразылықтары тұрғысынан қарас-тырылып, жаңа деректер негізінде ашылған. Дегенмен біздің зерттеу нысанымызға негіз болып отырған еліміздің шығыс шекарасында орын алған жағдай аталған басылым авторларының назарынан тыс қалған.

Босқыншылықтың демографиялық салдары мәселелері белгілі ғалымдар А.Н. Алексеенко, Ж.С. Аубакировалардың еңбектерінде терең зерттелген [7]. Бұл ғалымдардың еңбектерінің құндылығы 1930 жж. Ашаршылықтың демографиялық салдарын жаңа жетілген әдіснамалық негізде зерттеп, неғұрлым нақты тұжырымдар жасалуында деп санаймыз. Авторлардың пікірінше республиканың шығыс аймағының халқы ең көп шығынға ұшырап, 30 жж. бұл өлкенің қазақтарының саны 64,5 % азайған. Шығыс Қазақстан облысынан Қытай мен Ресейдің көршілес аймақтарына қазақтардың ірі босқыншылығының орын алуы халық санының күрт азаюының негізгі факторларының бірі болғандығын ескерген жөн.

Соңғы кезде шетелдік ғалымдардың бір тобы ашаршылық тақырыбындағы еңбектерін жариялады. Италия ғалым Никколо Пьянчиола архив материалдарының бай қорын пайдалана отырып, ашаршылықтың негізгі себеп-салдарын және оның қазақ қоғамына тигізген әсерін түсінуге мол үлес қосты. Ол экономикалық тарих әдістемесін пайдалана отырып көшпенді мал шаруашылығы қоғамының Кеңес өкіметі билігінің әсерінен қандай өзгерістерге ұшырағандығына талдау жасаған [8].

Изабель Огайон өз еңбегінде Кеңес өкіметі билігінің Қазақстандағы отырықшыландыру үрдісінің әлеуметтік тарихына баса назар аударған. Оның еңбегінде әлеуметтік акторлар мен жергілікті өлшемдердің қолданылуы зерттеудің басты құндылығы болып табылады. Сол арқылы Мәскеу жүргізген саясаттың Қазақстанда қалай қолданылғанын, оның тікелей салдары мен жергілікті халықтың көзқарасы қандай болғанын анықтауға мүмкіндік туады [9].

Неміс ғалымы Роберт Киндлердің зерттеуі Қазақстандағы ашаршылық кезіндегі озбырлық пен зорлық-зомбылықтың орнын қарастырады. Соның ішінде Қазақстанның шығыс шекарасында орын алған қанды оқиғаларға талдау жасалған. Автор алғашқылардың бірі болып Қызыл әскер бөлімшелері мен шекарашылардың бейбіт босқындарға қарсы қатыгез әрекеттерін ашық жазған [10].

Американ ғалымы Сара Камерон «Аштық жайлаған дала» еңбегінде мемлекеттік және партия құжаттарымен қоса қазақ және орыс тілдеріндегі ауызша деректерге кеңінен сүйене отырып, Кеңес өкіметінің қылмыстарын әшкерелеп, оның Қазақ қоғамында қалдырған қасіретті зардаптарын ашып көрсетеді. Соның ішіндегі босқыншылық мәселесі де терең зерттелген. Автордың пікірінше, қазақтардың ауа көшуін тоқтату және Шыңжаңдағы қазақтарды қайтуға көндіру әрекеттері сәтсіздікке ұшыраған-дықтан, Кеңес өкіметі шекаралық аймақтағы тәртіпті сақтаудың бірден-бір жолы үрейлендіру әдісіне басып, ашық зорлық-зомбылық шараларына көшкен [11].

Революция мен ашаршылық арасындағы кезеңдегі қазақ қоғамының жағдайы, большевиктік модернизацияның ауыр салдары С.Акимбековтың еңбегінде зерттелген. Соның ішінде автор шекара аймағында орын алған қанды қырғындар туралы да өзіндік пікір қалыптастырған. Оққа ұшқан адамдар санының жараланғандар санынан әлдеқайда көп болуы шекаралық қақтығыстардың қатал сипатын дәлелдейді [12].

Қысқаша тарихнамалық шолу көрсеткендей, зерттелетін мәселе Отандық тарихнамадағы тың тақырыптардың бірі болып табылады. Осы бағыттағы зерттеулер қазақ босқындарының қасіретті тағдырын толық ашып көрсету арқылы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалтуға жол ашады деп ойлаймыз.

**Негізгі бөлім.** XX ғасырдың 20 жж. аяғына қарай Қазақстанның Қытаймен шекаралас аймақтарында жағдай күрт ушықты. 1928 жылдың тамызында басталған бай шаруашылықтарды тәркілеу науқаны еліміздің солтүстік-шығыс бөлігінде аса бір қатаң түрде жүзеге асырыла бастады. Семей губкомының хатшысы И.М. Беккер басшылығымен жүзеге асырылған тәркілеу үрдісі әсіресе қазақ шаруаларына аса қатты соққы болды. Көшпелі қазақтарды астық дайындау жоспарын орындауға күштеп мәжбүрлеу олардың негізгі күнкөріс көзінен айырды. Байлармен қатар қазақтың орташа және кедей шаруалары зардап шекті. Жергілікті жағдай туралы түсінігі жоқ уәкілдер шаруалардың нақты жағдайы туралы ешбір мәлімет жинамай-ақ ойдан шығарылған мөлшерде жоспар белгілеп, оны шұғыл түрде орындауды талап етті. Көптеген аудандарда билікті өз қолына «үштіктер» алып, бүкіл губерния аумағында бейбіт халыққа қарсы ашық террорлық әрекеттер жүзеге асырыла бастады. Жан сауғалаған халықтың бір бөлігі, көшпелі қоғамдардың қиын-қыстау күн туғанда қолданылатын дәстүрлі стратегиясын ұстанып, қауіпсіз аймақ-тарға қоныс аудара бастады. Шығыс Қазақстан халқының бір бөлігі шекараның арғы жағынан тағы да пана іздеді. Қытайды және басқа аймақтарды баратын жер ретінде таңдаудың себептерінің бірі шекараның екі жағында бір тайпаның туыстары мен мүшелерінің болуы болды [13].

30-жж. басында басталған жаппай ұжымдастыру мен отырықшыландыру үдерісі салдарынан қазақ даласындағы босқыншылықтың жаңа толқыны туындады. ОГПУ-дың Құпия-саяси бөлімінің «Қазақстан-нан Қытайға көші-қон туралы» 1931 жылдың қазанындағы арнайы анықтамасында шекаралық белдеудегі халықтың босқыншылыққа ұшырауының басты себептері аталды: түрлі шаруашылық науқаны кезінде орын алған асыра сілтеушіліктер, тұрғындардың өнеркәсіп тауарларымен қамтамасыз етуде жіберілген олқылықтар, кеңестік билікке қарсы топтардың белсенділігінің артуы. Қауіпсіздік органдары босқыншылықтың жаппай сипат алуына аландаушылық білдіріп, әлеуметтік құрамы бойынша босқындар арасында орта және кедей шаруалардың, ұжымшар мүшелерінің басым болғанын мойындады.

Толық емес деректер бойынша 1930 жылы шекара асып кеткендер мен шекарадан өтуге әрекет еткендер 10 636 адамды құраған. 1931 жылдың 9 айында бұл көрсеткіш 15 мыңнан асқан. 1930 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда 1931 жылдың қаңтар-наурызында босқындар саны 2686 адамнан 4377 адамға дейін өскен болса, 1931 жылдың II тоқсанында босқындар саны толық емес мәліметтер бойынша 5 мың адамға жеткен. III тоқсанның екі айында шамамен есептеулер бойынша шекарадан өтіп кеткен және қолға түскен босқындар саны 6 мың адамнан асқан [14].

Көші-қон мөлшері туралы берілген деректер толық емес екендігін ескертуіміз қажет. Шын мәнінде, қоныс аударғандар мен қоныс аударуға дайындалғандар саны әлдеқайда көбірек болатын. Қазақ өлкелік органдарының шекара белдеуінің кейбір аудандарында көші-қон мөлшеріне арнайы тексеру жүргізіп, соның нәтижесінде кейбір аудандарда бүкіл халықтың 1/3-тен астамы Қытай ауып кеткендігі анықталды. Сонымен қатар, 1931 ж. босқындардың 80% орта және кедей шаруалар құрағаны белгілі болды. 1932 жылдың сәуіріндегі ОГПУ-дің Саяси-құпия бөлімінің ұжымдастыру және шаруалардың жаппай бас көтерулері туралы арнайы анықтамасында «толық емес деректер бойынша 1931 ж. Қытайға 40 мың шаруашылық өтіп кеткен» деген мәліметтер келтіріледі [15].

ГПУ-дің Шекара күзеті және әскері Басқармасының 1931 жылдың 28 ақпанындағы баяндамасында «1930 ж. Қазақстан шекарасында босқындармен қақтығыс кезінде 734 адам өлтірілді, 38 адам жарақат алды, ал шекаралықтар тарапынан шығын 24 адам, 15 жараланды» деген мәліметтер келтірілген [16].

Кеңес өкіметі босқыншылықтың басты ұйымдастырушысы және арандатушысы байлар деп таныды. Олар өз артықшылықтарын сақтап қалу үшін жанталаса қарсылық көрсетті және осы күреске қазақ шаруаларының орташа және кедей топтарын күшпен тартып отыр деп мәлімдейді. Осыған байланысты бай шаруашылықтарды тек экономикалық негізінен айырып қана қоймай, олардың қазақ қоғамындағы атқаратын рөлінен түбегейлі айыруды мақсат етті [17]. Большевиктердің қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымы туралы түсініктері болмады, таптық күрестің жергілікті ерекшеліктеріне мән бермеді. Байлар жай ғана ауқатты адамдар емес еді, олар сонымен қатар өз ауылының, руының көшбасшысы, қиын жағдай туындағанда туысқандарының қамқоршысы болатын [18]. Сондықтан шекара асқан қазақ босқындары тек байлардың мәжбүрлеуімен кетті деген тұжырымдар жаңсақ деп айтуға негіз бар. Босқыншылықтың түпкі себептері билік тарапынан орын алған зорлық-зомбылық, күштеп ұжымдастыру мен содан туындаған ашаршылықпен байланысты екендігін ресми билік мойындағысы келмеді.

Көші-қон қозғалысының өсуі, ең алдымен, әртүрлі науқандар кезінде жіберілген асыра сілтеушіліктердің нәтижесі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, ет дайындау науқаны кезінде жіберілген қателіктердің алатын орны ерекше. Аталған науқанды жергілікті билік өрескел озбырлықпен жүргізіп, халыққа негізсіз айыппұлдар салу, соттау, тұтқындау сияқты қуғын-сүргін әдіс-тәсілдерін ашық қолданып отырды. Мысалы, Зайсан ауданының 4-ауылдық кеңесінде 5 адамнан тұратын отбасын асырап отырған жалғыз сиырын мемлекетке тапсыруға күштеп мәжбүрлеген. Өлкелік атқару комитеті комиссиясының мүшелері Құралы және Батырхан ауылдарындағы 20-дан 30 рубльге дейін бірыңғай ауыл шаруашылық салығын төлеп отырған 26 кедей шаруашылықтан қосымша жеке салық төлеуді талап еткен. Осының нәтижесінде аталған кедей шаруашылықтар Қытай асып кеткен. Алакөл ауданында ет дайындау жөніндегі уәкіл сотпен және мүлкін тәркілеумен қорқытып, ұжымшардан жұмыс малын тапсыруды талап еткен, нәтижесінде 40 ұжымшар мүшесі Қытайға өтіп кетеді.

Астық дайындау науқанының асқынып кеткені сондай, ол тіпті егін екпейтін көшпелі қазақ шаруашылықтарына да қолданылды. Бас тартқан жағдайда бүлікшілер қатарына қосылып, қуғын-сүргінге ұшыраудан қорыққан халық малын астыққа айырбастап, оны мемлекетке өткізуге мәжбүр болған. Соның салдарынан 1930-1931 жж. таулы аймақта орналасқан Катонқарағай ауданы Тамба ауылының 50 отбасы мал-мүлкімен шекара асып кетуге мәжбүр болады [19].

Шалғай шекаралық аймақта орналасқан аудандардың халқы, сондай-ақ, халық тұтынатын тауарлардың жетіспеушілігінен де зардап шекті. Ең қажетті деген шай, қант, мата, аяқ киім, тері өнімдері, керосин т.б. өнімдермен шекаралық аудандардың халқын қамтамасыз ету жоспарлары жүйелі түрде орындалмады. Мысалы, Алакөл ауданына 1930 жылдың I тоқсанында жоспардағы 489 мың рубль тауардың орнына тек 127 мың рубльдің тауары жеткізілген. Ал Катонқарағай, Тарбағатай, Жаркент, Октябрь және Кеген аудандарына I тоқсанда тауар мүлдем түспеген [20]. Осындай жағдайда Қытай жерінде тауар молшылығы туралы қауесеттердің тарауы да халықтың көші-қон көңіл-күйіне өзіндік әсерін тигізді.

Кеңестік қауіпсіздік органдары қазақ халқы арасындағы көші-қондық көңіл-күйдің өсуіне шетелдік контрреволюциялық ұлтшыл топтардың жандануы да үлкен әсер етті деп санады. Олардың пайымдауын-ша бұл топтар іс жүзінде көші-қон қозғалысының ұйымдастырушы орталығы болып табылды. 1930 жылғы 10 сәуірдегі Зайсан аудандық атқару комитетіне № 50 Зайсан кавалериялық шекара отрядының хабарламасында «ағымдағы жылдың ақпан және наурыз айлары Қытайдың шекара аудандарынан заңға қарсы және өз еркімен шекараны бұзумен және бандиттік рейдтермен теңдесі жоқ болып саналады» делінген [21].

Олардың пайымдауынша, шекаралық аймақтағы жергілікті қылмыстық топтар Қытай территориясындағы пікірлес адамдармен байланысып, Қытайдан арнайы қарулы қарақшылар тобын шақырып отырған. ОГПУ құжаттарында банда деген атауға ие болған қарулы топтар әр текті болғаны рас. Дегенмен, олардың басым көпшілігі шекараның екі жағында орналасқан туысқандардың өзара келісімімен, босқындарды шекарадан өту кезінде қорғау үшін жіберілген қарулы топтар болғандығын мойындауымыз қажет.

Шекара әскерлерінің жергілікті халыққа көрсеткен зорлық-зомбылығын да босқыншылықтың бір себебіне жатқызуға болады. Жердің шалғайлығы, кеңес билігінің аталған аймақтардағы әлсіздігі ескеріле отырып, шекара әскерлерінің өкілеттілігі кеңейтілген болатын. Осыны пайдаланып олар қазақтардың мал-мүлкін заңсыз тартып алу, негізсіз айып тағып тұтқындау, қарсылық көрсетті деген жалған жаламен атып тастау және т.б. террорлық әрекеттерді кеңінен қолданып, халық наразылығын одан әрі күшейтті. Әсіресе, Катонқарағай ауданында орналасқан Шыңдығатай шекара бекетінің жергілікті қазақтарға көрсеткен озбырлықтары шектен тыс болды. Адамдардың негізсіз қамауға алынып, із-түзсіз жоғалып кетуі немесе айдауылдау кезінде қашуға әрекет етті деген сылтаумен атып тастау фактілерінің жиі болуы халық арасында үрей туғызды. Шыңдығатай шекара бекеті әскерлері Қырмызы, Жұмсақ, Мәметек асуларында қазақ көштерін қанға бояп, жүздеген адамдарды қырып тастаған. Тау асуларында көмусіз қалған құрбандардың сүйектері бертін уақытқа дейін шашылып жатқанын ел аузында сақталып қалған деректерден білуге болады. Осы ұзақ та қауіпті сапарға шығар алдында тұрғындар арнайы молда шақырып, алдын ала өздерінің жаназасын шығартып алып отырған деген де деректер кездеседі. Олардың осындай қауіпке бас тігуге мәжбүр еткен жағдайдың қаншалықты ауыр болғандығын осы фактілер арқылы көз жеткізуге болады.

Шекаралық аймақтарда орын алған босқыншылық Кеңес өкіметіне экономикалық және саяси жағынан зор нұқсан келтіргені сөзсіз. Шекаралық белдеудің анырап бос қалуы қауіпін түсінген Қазақ өлкесінің билігі босқыншылықты тоқтату үшін қолдан келген амалдардың барлығын қолдануға шешім қабылдады. Шекаралық аймақтарды нығайту үшін Қазақстаннан тыс жерлерден еріктілер көшіріле бастады. Босқындармен күрес үшін арнайы әскери бөлімшелер енгізілді. Көптеген қызыл отрядтар КСРО-

ның еуропалық бөлігінен келді және оларда дала мен оның тұрғындары туралы ешқандай мағлұмат болмады. Келісімдерден құралған әскери бөлімшелердің жауынгерлері шекара аумағында кездескен әрбір топты жау деп қабылдады. Осы әрекеттерден-ақ Кеңес мемлекетінің босқын көшпенділерге деген көзқарасы айқын көрініс береді: билікке сөзсіз бағынғысы келмегендіктен, олардың барлығы жауға айналды.

Осы кезден бастап жағдай тіптен ушығып, шекарада қанды қасап басталды. ОГПУ-дің Семей округтық бөлімін басқарған С.А. Бак шекара аймағындағы қандай да болмасын әрекеттер аяусыз басып-жаншылуы қажет деген ұстанымда болды. Шекара маңында топтасқан адамдармен келіссөз жүргізіп, олардың кім екенін анықтау қажет емес деп табылды. Кеңес командирлеріне, тіпті күмәнданған жағдайда да, шекара аумағында пайда болған кез-келген топтарға қарсы әскери күш қолдану тапсырылды. «Бандитизммен күрес» деген желеумен босқындарды жаппай қыру басталды.

1930 жылы мамырда кеңес-қытай шекарасына жақын Қызылағаш ауылы маңында қарулы көтерілісшілермен шайқас кезінде қоршауда қалған қызыл әскер тобы ұшқыштар В.Ф. Каминский мен И.М. Мазуруктың (кейінірек Арктикадағы ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған) қару-жарақ пен оқ-дәрі жеткізіп беруінің арқасында қоршауға төтеп бере алады. Жол бойында бұл «аспан батырлары» қарулы көтерілісшілермен қатар Қытайдың Шыңжаң провинциясына кетуге тырысқан жүздеген бейбіт босқындарды пулеметтен оқ жаудырып, қырып тастайды. Осы операцияға қатысқаны үшін екеуі де ерекше марапатқа ие болады [22].

Тарихта «Қаратал қырғыны» деген атаумен қалған оқиға кеңес-қытай шекарасында 1930 жылы қазанында орын алды. Өздеріне бұрыннан таныс, ғасырлар бойы қалыптасып қалған көшу соқпақтары арқылы Шығыс Қазақстанмен географиялық, мәдени және туыстық байланыстармен тығыз байланысты Шыңжаң провинциясына өтпек болған 40 қазақ пен дүнген отбасының сапары қайғылы аяқталды. Топ Қытай шекарасына жақындаған кезде босқындардың артынан қуып жеткен қуғыншылар оларға оқ жаудырады. Тек тоғыз отбасы ғана қашып үлгеріп, біршамасы қаза тауып, кейбірі тұтқынға алынды. ОГПУ өкілдерінің баяндамаларын қорытындылай келе, Жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссариаты мынадай тұжырымға келеді: «Қаратал ауданында (ОГПУ) бар материалдар бойынша, біріншіден, қашқындар тарапынан ешқандай қарсылық болмаған; екіншіден, өлтірілгендердің көбі кедейлер болған; үшіншіден, тірі қалғандар арасында бірнеше әйелдер мен балалар зорланған; төртіншіден, қаза тапқандар мен тұтқынға түскен адамдарды тонау оқиғалары орын алған, сондықтан бұл іс толық тексеруді қажет етеді» [23]. ОГПУ-дің жергілікті өкілдері жүргізген тергеу қаза тапқандардың арасында кедейлер мен орташа шаруалар басым болғанын мойындады; ал дәрігер әйелдер мен балаларды тексеріп, көпшілігінің өлім алдында зорланғанын растады.

Осы тектес оқиға Күршім ауданында да орын алып, халық жадында «Ақнайман қырғыны» деген атпен сақталып қалды. 1930 жылдың тамызында бес жүз үйлі Ақнайман елі Қытай жеріне өтпекші болып, Бөкенбай тауы, Қалғұты жеріндегі Егіндібұлақ ауылынан шығып, шекараға бір күндік жер болатын Бестерек деген жерге шоғырланады. Ауған елдің дүрбелеңі бастала салысымен жергілікті белсенділер аудан орталығына, шекара бекінісіне хабар беріп үлгереді. Шекарашылар мен оған қосылған жиынтық күштер Қалжыр өзенінің бойынан тосқауыл жасап, көшті пулемет оғының астына алады. Еңкейген кәрісінен бастап еңбектеген баласына дейін оққа ұшып, қырылған көштің бір бөлігі жан сауғалап кері дүрліге қашқан кезде оларды Күршім өңіріндегі болыстық әскери комиссар Яков Кандауров бастаған қарулы топ қолға түсіріп тұтқындайды.

Белгілі өлкетанушы Меңғали Мусиннің осы оқиға туралы туралы естеліктерінде төмендегідей деректерді келтіреді: «Еркек кіндікті ересектер бөлініп алынды. Оларды жаяулатып таудағы Тополевка селосына атқа қонған Кандауровтың өзі айдап әкетті. Арттағы кәрі-құрғаң, бала-шаға араға едәуір уақыт салып соңдарынан аттанды. Көш жарты шақырым ұзаған кезде оққа ұшқан адамдардың үстінен түсті. Әрбір жиырма-отыз қадам сайын осындай өлік. Тополевкаға жеткенше айдап әкеле жатқан талай адамды осылай жол бойы атып отырған Кандауров соңынан жеткендерге қарап: «Адаспадыңдар ма, сендер адаспасын деп жол бойы белгі қалдырып отырдым», - деп ыржия мәз болады» [24].

1930 жылдың қарашасында Талдықорған ауданында Қытайға бет алған қазақ босқындарының көші мен шекарашылар арасында болған қақтығыста 25 бейбіт тұрғын қаза тауып, 11 адам тұтқынға түседі, тек 8 адам ғана шекарадан өтіп кетеді [25].

Қазақстандағы ОГПУ Шекара әскерлері Басқармасының 1930 жылғы 3 желтоқсандағы баяндамасында Малайсары ауданының тумалары Әлімжан Кутанов пен Базарбек Нұртазынов бастаған қарулы топпен шекарашылар арасында болған қақтығысы туралы баяндалады. Бұл қарулы топ Шыңжаңда құрылып, оған негізінен қазақ босқындары кірген еді. Олар Қытайға туыстары мен өз рулаластарын алып кету үшін шекарадан өтіп, шағын топтармен аудан ауылдарына бет алады. Жүздеген қазақ шаруашы-лықтары жолай кезіккен ерікті комотрядтармен қақтығыса отырып, шекараға қарай

жылжиды. Көшті тоқтату мақсатымен ауыр қару-жарақпен қаруланған шекара әскерлерінің отряды көштің ізіне түсіп, бірнеше күннен кейін босқын қазақтардың тобын табады. Пулемет, гранатометтермен мұздай қаруланған әскердің көшпенділермен қақтығысы екі күнге созылады. Шекарашылардың сөзіне сенсек, шайқас қантөгісті, аса қатыгез сипат алған. Босқындар жалаң қолмен қарулы әскерге қарсы тұрып, қоян-қолтық шайқасты, жан алыспай, жан беріспеді. Ақыры күш басымдығын пайдаланып шекарашылар босқын қазақтарды қырғынға ұшыратты. Шайқас барысында босқындар тарапынан 243 адам қаза тапты, 50 әйел мен 30 бала тұтқынға алынды. Тірі қалған, жараланған не болмаса тұтқынға түскен бірде-бір ер адамның болмауы шекарашылар тарапынан болған шектес тыс зұлымдықтың дәлелі. Әскерилердің шығыны – бір жаралы сарбаз және екі жараланған және екі өлген мініс аттары. Сонымен қатар, осы қанды қақтығыстың нәтижесінде шекарашылар 600 жылқы, 100 түйе және 200 бума жүк тәркілейді [26]. Оққа ұшқан адамдар санының жараланғандар санынан әлдеқайда көп болуы шекаралық қақтығыстардың қатал сипатын дәлелдейді [27].

Осы қанды қырғында аман қалғандардың да жағдайы аса мүшкіл еді. Тірі қалып қолға түскен босқындардың барлық мал-мүлкі тәркілеуге ұшырап, олар күнкөріс құралдарынан толықтай айырылып отырды. Зайсан ауданы Күзеун, Тарбағатай, Хабарасу, Сталин, Майқапшағай, Дайыр болыстарының қазақтары шекарадан өтуге әрекет үстінде қолға түсіп, 27 адам қамауға алынып, мал-мүлкі тәркіленеді. Ұсталған адамдардың ісін соттан тыс қарау үшін ОГПУ алқасына тапсыру ұсынылды [28]. Қытайға өтуге әрекеті үшін Зайсан уезінің Тарбағатай және Сталин болыстарының 40 азаматынан 17108 рубльдің малы тәркіленген, оның ішінде 309 жылқы, 201 ірі қара, 66 түйе, 3450 қой мен ешкі тартып алынған [29].

1931 жылы кеңес-қытай шекарасындағы босқыншылық өзінің шырқау шегіне жетті. Кеңес өкіметінің шаруаларға қарсы саясаты олардың жаппай қайыршылануына алып келді. Жергілікті билік өкілдері жағдайдың қиындығын түсініп, республика басшылығы алдында дабыл қаға бастады. Олар «күшіміз жетпейтін жоспарлар аудан экономикасын әбден титықтатты. Колхозшылар, сондай-ақ кедейлер мен орташалар өмір сүруден үміттерін үзді. Біз колхоз мүшелерін өзімізден бездіріп алдық, олар бізден кетіп жатыр» деп хабарлайды [29]. Алайда Голощекин басқарған Қазөлком дайындау науқанындағы террор туралы хабарларды біржақты қарап, байбалам салушыларға қарсы «большевиктік күрес» бастау қажет деп тапты. Биліктен көмек болмасына көзі жеткен халық өз бетімен жан сақтаудың амалына көшті. Шекаралық аймақ тұрғындары үшін тығырықтан шығар жол шекара асып, жан сауғалау деп білді.

1931 жылдың маусым айында Катонқарағай ауданының Қанас асуының маңында шекара бекетінің басшысы Кавешников бастаған отряд Қытайға бағыт алған босқындардың көшіне шабуыл жасап, талай адамды қырып тастайды. Қарулы топқа төтеп бере алмаған қалған босқындар, мал-мүлкін тастап шекара асып кетуге мәжбүр болған. Бұл босқындар Шығыс Қазақстан аумағы арқылы Қытайға өтпек болған Монғолия қазақтары еді. Шайқас барысында шекарашылар 30000 қой, 2000-ға жуық ірі қара мал, 1000 жылқы, көп мөлшерде дүние-мүлік олжалайды [30].

Сол жылдың 27 тамызында Көкпекті ауданының № 3 және № 4 ауылының тұрғындары Қытайдан қарулы көмек әкелген Садық және Жұмажан Сегізбаевтың басшылығымен бас көтеріп, шекарадан өтуге дайындық бастайды. Бірнеше күннің ішінде олардың қатарына 300 жуық жергілікті тұрғындар кіреді. Алайда қыркүйек айының басында босқындар мен шекара әскері арасында болған шайқас нәтижесінде басым бөлігін кедей және орташа шаруа құрайтын 100-ден астам шаруашылық қолға түседі. Босқындар арасында 59 адам қаза тауып, 10 адам жараланады. 19 қыркүйекте Жарма ауданында Азбаканов Нұрғали мен Алжігітов Итурғалидың басшылығымен 300 жуық адамнан тұратын көш комотрядпен қақтығыста 30 адамынан айрылып, аман қалғандары шекара жаққа жылыстап үлгерді. Жол бойында оларға Көкпекті ауданының № 3 ауылының тұрғындары қосылып, қауіпті сапарларын жалғастырады. 20 қыркүйекте Күршім ауданы аумағында Қайсары мен Ишимбаевтың басшылығымен шекараға беттеген босқындар мен шекарашылар арасында болған қақтығыста 85 бейбіт тұрғын оққа ұшып, 43 адам тұтқындалады. Келтірілген деректер еліміздің шығыс шекарасында орын алған қанды сойқанның бір ғана бөлігін құрайды (ҚР ПА, 5052:10-23).

ОГПУ шекара әскерлері босқындардың шекарадан өтуіне жол бермеуге тырысып қана қойған жоқ. Қызыл әскер отрядтары босқындарды өкшелей қуып, Қытай аумағына өтіп, сол жерде бірнеше қырғын ұйымдастырғаны белгілі болып отыр. Осыған байланысты Шыңжаң провинциясының әкімшілігі КСРО консулы Колосовқа өздерінің наразылығын білдіреді. Ол Мәскеудегі басшыларын осындай екі оқиға туралы хабардар етеді. 1930 жылы қазанда Қытай шекара патрулі Қызыл армия отрядтарының Қытай жеріне 15 шақырымға дейін тереңдеп кіріп, 200-300 қазақ босқындарына шабуыл жасағанына куә болған. Қуғыншыларды байқаған босқындар жан-жаққа бытырай қашады. Әскерлер олардың малдары мен дүние-мүліктерін олжалап кері қайтқан. Олар кеткеннен кейін қытайлықтар оқиға орнын зерттеп, «Қызыл әскерлердің қазақтармен болған қатыгез қырғынының іздерін таптық. Қытай аумағында 10-нан

астам адам қаза тапты» деп хабарлайды. Желтоқсан айының басында қытайлық әскерлер тағы да 50-ден астам қазақ босқындарының мәйітін тапқан. Оның ішінде әйелдер мен балалардың да болғаны, олардың тек оқ тиіп қана емес, қылышпен туралып өлтірілгендігі туралы хабарлайды. Қытай жағы бұл қанды қырғын үшін жауапкершілікті тағы да Қызыл Армияға жүктеді. Колосов екі жағдайда да кеңес шекара әскерлерінің офицерлері ештеңені жоққа шығармағанын растады. Тиісті жасақ командирінің орынбасары оған желтоқсан науқаны аясында 300-ден астам қазақ босқындарының қаза тапқанын хабарлайды [31].

ОГПУ Ішкі әскерлері мен Қазақстанда қызмет атқаратын бөлімшелердің босқындарға қатандығының бірнеше себептері болды. Біріншіден, шекараны қорғау және оны бұзушыларды қудалау осы адамдардың кәсіби міндеттері болды. Сонымен қатар, шекарашылар аса қатыгездік көрсеткен қызметтік құлшыныс-тары үшін марапаттар мен сыйақыларға ие болатындарын да білді.

Екіншіден, орталық және республика басшылығы шекарадағы кеңестік саясатты орындаушыларға кең өкілеттіктер берді. 1930 жылы ақпанда билік барлық мал-мүлкімен бірге шетелге қашуға тырысқан отбасыларға қарсы ерекше шаралар қолдану туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, ол Қазақстанның және басқа да Орта Азия республикаларының шекаралық аудандарында қалыптасқан қауіпті жағдайды түбірімен жою үшін сенімді қызметкерлерді іссапарға жіберуге бұйрық берді.

Босқыншылықтың күннен күнге күшейе түсуіне байланысты республика басшылығы оны тоқтатудың әр түрлі жолдарын қарастыра бастады. 1930 ж. 3 сәуірінде Қазақстанның шекаралық аудандарынан Қытайға бай-кулак элементтерінің заңсыз көшіп-қонуының алдын алу және оған қарсы күрес мақсатында Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесі арнайы қаулы қабылдайды. Қаулыда шекаралық аймақтағы жағдайды ретке келтіру шаралары белгіленді. Басты мәселе ретінде сенімсіз деп табылған тұлғаларды 100 шақырымдық шекара белдеуінен тыс жерлерге күштеп көшіру шаралары қарастырылды. Олардың қатарына Қытайға заңсыз қоныс аударуға жиналған кезінде ұсталған немесе қоныс аударуды ұйымдас-тырушысы деп танылған барлық байлар мен кулактар жатты. Қытай аумағына өту үшін алдын-ала дүние-мүлкін шекара асырып жіберді деп күдікке ілінген бай-кулактар да осы санатқа енгізілді. Сондай-ақ, Қытай жеріне өтіп кеткен адамдардың отбасы мүшелерін де шекаралық аймақтан аластату көзделді. Осы істер бойынша шешімдер аудандық атқару комитетінің қаулысымен бекітілетін болып шешілді [33].

Жергілікті билік органдары осы қабылданған шешімдерді жүзеге асыруға құлшына кірісті. Жүздеген адам қудалауға ұшырап, күштеп қоныс аударылды. Мысалы, 1931 жылы 13 наурызда Зайсан аудандық атқару комитетінің төралқасы тоғыз отбасын Зайсан ауданы 4-ауылы аумағынан осы ауданның Қарабұлақ ауылына көшіру туралы шешім қабылдайды. Оларға қойылған айып отағасыларының шекара асып кетуі болды. Олардың өз отбасыларын заңсыз шекара асыруға әрекеттерінің алдын алу үшін шекара белдеуінен тыс жерге көшіріп жіберу қажет деп танылды [34].

Қытайға шекара асып кетуді ұйымдастырушылардың бірі ретінде танылған Мәметаев Осботай 1931 жылы 22 ақпанда 100 шақырымдық шекара белдеуінен тыс Көкпекті ауданына көшірілді. Өзіне жүктелген астық дайындау жоспарын орындамағаны үшін және Қытайға кетуге бел байлады деген күдікпен ұсталған Зайсан ауданының 6-шы ауылдық кеңесінің 71 жастағы тұрғыны Тұрсынбай Абзалханов Самар ауданына күштеп қоныс аударылды. 1930 жылы Қытайға қашқан Ахмеджанов Мұқанның 70 жастағы анасы Ахмеджанова Ате Ұлан ауданына көшірілді. Қытайға қоныс аударуға дайындық жүргізді деп айыпталғандар Әлқанов Омар, Чалов Тұрқатай, Бекжанов Райымхан, Райымқанов Көкбай отбасыларымен бірге Көкпекті ауданына күштеп жер [35].

Елде қалыптасқан ауыр экономикалық жағдай халықтың басым бөлігінің қайыршылануына алып келді. Сталиндік модернизация шеңберінде жүзеге асырыла бастаған науқандар нәтижесінде жаппай ашаршылық басталды. Осындай жағдайда жергілікті кеңес және партия ұйымдарының басшылары мен мүшелерінің бір бөлігі халықтың өмірін сақтап қалудың бірден-бір жолы қауіпсіз жерге қоныс аудару деп білді. ОГПУ-дің деректерінде «Қытайға көшуді ұйымдастыруға партияның жекелеген мүшелері, комсомолдар, ұжымшарлардың төрағалары қатысқан, Қытайға толық құрамдағы тұтас ұжымшарлар кеткен, көшу кезінде көшпенділер белсенді қарсылық көрсеткен жағдайлар байқалды» леп атап көрсетілген [36]. Зайсан аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Ықласов, астық дайындау жөніндегі аудан уәкілі Китанов және ауыл кеңесінің төрағасы Садықов қазақ шаруалары арасында шекара асып кету қажеттігін түсіндіріп, Қытайға кетуге үгіттеген деген айып тағылып, жауапқа тартылады [37].

1931 жылдың тамыз айында Тарбағатай ауданында бүкіл аудан басшыларын біріктірген жасырын ұйым құрылып, тұрғындарды Қытайға көшіру мәселесін талқылап, шешім қабылдайды. Шыңжаңда мекен еткен қазақтармен, соның ішінде алашордашы Райымжан Мәрсековпен байланыс орнатады. Осы ұйымның қызметінің нәтижесінде Тарбағатай ауданының № 1, 2, 3, 4, 5 және 6 ауылдық кеңестерінің шаруашылықтарының басым бөлігі шекарадан өтіп кетеді. 1932 жылдың маусымында осы ұйымға



қатысы бар деген 92 адам жауапқа тартылып сотталады. Оның 14 – байлар, 21 – партия мүшелері, 14 – байдың балалары, ал 23-і кедейлер мен орташа шаруалардың өкілдері деп танылды. Әсіресе өздерінің таптық жаулары деп санаған байлар мен байлардың балаларына шығарылған үкім басқаларымен салыстырғанда әлдеқайда ауыр болды. Олардың басым бөлігі қазақтардың арасынан шыққан білімді, көзі ашық адамдар болғанын ескерсек кең құлаш жая бастаған қуғын-сүргіннің халқымыздың болашағына қандай кері әсері болғанын түсінеміз [38].

Шекаралық аймақтағы босқыншылыққа байланысты қозғалған қылмыстық істер соттан тыс «үштік-тердің» қарауына беріліп, ату жазасына кесілген үкімдер көп ұзамай жасырын, түн мезгілінде орындалып отырған. Үкімдерді орындау актілерінде «мәйіттер атылған жерге көмілді» деген мәліметтер кездеседі.

Қазақстандағы жантүршігерлік Ашаршылық Ақтабан Шұбырындыдан кейін болмаған жаппай босқындыққа алып келді. Мұқтаждық пен толық күйзеліске ұшыраған босқындар Кеңес билігінің террорлық әрекеттерінің де құрбаны болды.

**Қорытынды.** Соңғы уақытта ғылыми айналымға енгізілген архив деректері мен ауызша тарихи деректерді талдау және салыстыру негізінде ХХ ғасырдың 30 жылдарының басындағы Қазақстанның шығыс шекара аймағында орын алған қайғылы оқиғалар жан-жақты зерттелді. Босқыншылықтың себептері, оның аймақтық ерекшеліктері анықталды. 1926 - және 1939 жж. санақ аралық кезеңде Шығыс Қазақстан облысының халқы ең көп шығынға ұшырап, соның ішінде қазақтардың саны 64,5% азайған. Шекараға жақын орналасқан аймақ болғандықтан босқыншылық Қазақстанның шығыс бөлігінде кең ауқымды болды және қазақтардың санының азаюының негізгі факторларының бірі болып саналады. Босқыншылықтың негізгі себебі Кеңес билігінің зорлық-зомбылыққа негізделген ұжымдастыру саясатының салдары болып табылады және оның КСРО мемлекетіне тигізген саяси және экономикалық зардап-тары зор болды. Билік болса өз тарапынан жіберілген қателіктерді мойындап, нәубеттің себептерін анық-тап жоюдың орнына бейбіт халыққа қарсы жаппай террорлық әрекеттерді қолданды: шекарадан өтуге әрекеттенген босқындар еш аяусыз қырылып-жойылып, тоналып отырды; күдікті деп танылған адамдардың барлығы отбасы мүшелерімен бірге шекаралық аймақтан күштеп көшірілді; босқыншылықтың ұйымдастырушылары болып табылған адамдар соттан тыс «үштіктердің» үкімімен ауыр жазаланып отырды. Босқындардың жалпы санын, соның ішінде шекара шебінде Қызыл әскерлердің қолынан құрбан болғандардың санын нақты анықтауға мүмкіндік жоқ, өйткені ол туралы сақталып қалған деректер толық емес. Қорыта келе, қазақ даласында орын алған босқыншылық сталиндік режимнің аса бір жексұрын қылмыстарының бірі болып табылатындығын мойындауымыз қажет.

#### *Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб. Док. Т. 2. 1930-1931 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы, «Атамұра», 2021. – 1240 с.*
2. *Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т.5: Вынужденные беженцы. [Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression (20-50 years of the twentieth century). Vol. 5: Forced refugees]. Сборник документов и материалов. Составители: К.Н. Балтабаева, Р.К. Айдарбаева, Ш.Б. Тлеубаев, Қ.Ж. Нұрбай, Р.Е. Оразов / Под общ. ред. Е.Т. Қарина. - Астана, 2022. - 642 с.*
3. *Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов. Т.2. 1929 - январь 1932 / [сост. А.С. Зулкашева [и др.]. – Алматы: Паритет, 2018. - 744 с.*
4. *Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927– 1939. Документы и материалы [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. 1927– 1939. Documents and materials]. В 5 т. Т. 3. Конец 1930-1933 / под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. – 1008 с.*
5. *Голод в СССР. 1929-1934. В 3 т. Т. 1. 1929-июль 1932. В 2 кн. Кн. 1 / Отв. сост. В.В. Кондрашин. — М.: МФД, 2011. — 656 с.*
6. *Құдайбергенова А.И. және т.б. ХХ ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: Ұжымдық монография. – Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022. – 259 б.*
7. *Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н. Демографиялық тарих контексіндегі қазақтар. Монография / Ж.С. Аубакирова, А.Н. Алексеенко. – Нұр-Сұлтан: «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2020. – 400 с.*
8. *Никколо Пианчиола, Stalinismo di frontiera: colonizzazione agricola, sterminio dei nomadi ecostruzione statale in Asia centrale, 1905-1936 (Рим, 2009 г.). – «Голод в стени: коллективизация сельского хозяйства и казахских скотоводов, 1928-1934 гг.». Cahiers du Monde russe 45 ном. 1-2 (2004 г.). – С. 137-192.*

9. Изабель Огайон, *Isabelle Ohayon, La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline.* – Сталиндік КСРО-да қазақтарды отырықшыландыру. (Электронный ресурс) / <https://doi.org/10.4000/monderusse.6809> (Қаралған уақыты 23.03.2023)
10. Киндлер Р. *Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Роберт Киндлер; (пер. с нем. Л.Ю. Пантиной).* – М.: Политическая энциклопедия, 2017. – 382 с.
11. Камерон С. *Голодная степь: Голод, насилие и создание Советского Казахстана / Сара Камерон; авториз. пер. с англ. А. Терещенко.* – М.: Новое литературное обозрение, 2020. – 360 с.
12. Акимбеков С. *Казахи между революцией и голодом.* – Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2021. – 584 с.
13. Никколо Пианчиола, *Stalinismo di frontiera: colonizzazione agricola, sterminio dei nomadi ecostruzione statale in Asia centrale, 1905-1936* (Рим, 2009 г.). – «Голод в степи: коллективизация сельского хозяйства и казахских скотоводов, 1928-1934 гг.». *Cahiers du Monde russe* 45 ном. 1-2 (2004 г.). – С. 156.
14. *Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927– 1939. Документы и материалы.* – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. – С. 209.
15. *Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927– 1939. Документы и материалы.* – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. – С. 336.
16. *Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов. Т.2. 1929 - январь 1932 / [сост. А. С. Зулкашьева [и др.]].* – Алматы: Паритет, 2018. – С. 514.
17. Изабель Огайон, *Isabelle Ohayon, La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline.* – Сталиндік КСРО-да қазақтарды отырықшыландыру. (Электронный ресурс) / <https://doi.org/10.4000/monderusse.6809> (Қаралған уақыты 23.03.2023)
18. Мустоянова А. *Деколонизация Казахстана [Decolonization of Kazakhstan].* – Алматы: AmalBooks, 2022. – С. 184.
19. Шығыс Қазақстан облысы мемлекеттік архиві (ШҚОМА) Алтай бөлімшесі. 6-қ, 1-т. 155-іс. 6-10-п.
20. *Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927– 1939. Документы и материалы.* – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. – С. 141.
21. ШҚОМА. 788-қ. 1-т. 35-іс. 107-п.
22. Киндлер Р. *Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Роберт Киндлер; (пер. с нем. Л.Ю. Пантиной).* – М.: Политическая энциклопедия, 2017. – С. 199.
23. *Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА).* 4-қ, 2-т. 492-іс. 54-п.
24. Мусин М. *Түнекте тұншыққандар. Саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы кітап.* – Өскемен, 1997. – 53-55-б.
25. Ашаршылық. *Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб. Док. Т. 2. 1930-1931 / Отв. редактор В. Әбдіғалиұлы.* – Алматы, «Атамұра», 2021. – 594-601-б.
26. Киндлер Р. *Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Роберт Киндлер; (пер. с нем. Л.Ю. Пантиной).* – М.: Политическая энциклопедия, 2017. – с. 206
27. Акимбеков С. *Казахи между революцией и голодом.* – Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2021. – С. 452.
28. ШҚОМА. 338п-қ. 1-т. 188-іс. 29-п. 75-п.
29. *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 4-том.* – Алматы: «Атамұра», 2010. – 249-б.
30. ШҚОМА. 139п-қ. 1-т. 65-іс. 29-30-б.
31. *Қазақстан Республикасы Президент архиві (ҚР ПА).* 141-қ. 1-т. 5052-іс. 10-23-б.
32. *Қазақстан Республикасы Президент Архиві (ҚР ПА).* 141-қ. 1-т. 4577-іс. 8-п.
33. ШҚОМА. 788-қ. 1-т. 38а-іс. 3-п.
34. ШҚОМА. 788-қ. 1-т. 41-іс. 6-п.
35. ШҚОМА. 788-қ. 1-т. 41-іс. Пп. 7, 25, 27, 32.
36. *Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927– 1939. Документы и материалы.* – С. 336.
37. Шығыс Қазақстан облысы «Қазіргі заманғы тарихты құжаттандыру орталығы (ШҚО ҚЗТҚО). 3п-қ. 1-т. 209-іс. 16-п.
38. ШҚОМА. 1п-қ. 1-т. 4981-іс. 79-80-п.

#### References:

1. *Aşarşylyq. Golod. 1928-1934. Dokumentalnaiia hronika. Sb. Dok. T. 2. 1930-1931 / Отв. редактор В.Әбдіғалиұлы.* – Алматы, «Атамұра», 2021. – 1240 с.
2. *Materialy Gosudarstvennoi komissii po polnoi reabilitatsii jertv političeskikh repressii (20-50 gody NN veka). T.5: Vynuždennye bejensy. [Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims*

of Political Repression (20-50 years of the twentieth century). Vol. 5: Forced refugees]. Sbornik dokumentov i materialov. Sostaviteli: K.N. Baltabaeva, R.K. Aidarbaeva, Ş.B. Tleubaev, Q.J. Nürbai, R.E. Orazov / Pod obş. red. E.T. Qarina. - Astana, 2022. - 642 s.

3. Tragediia kazahskogo aula. 1928-1934: Sbornik dokumentov. T.2. 1929 - äнвар 1932 / [sost. A.S. Zulkasheva [i dr.]. - Almaty: Raritet, 2018. - 744 s.

4. Tragediia sovetsoi derevni. Kollektivizatsiia i raskulaşivanie. 1927- 1939. Dokumenty i materialy [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. 1927- 1939. Documents and materials]. V 5 t. T.3. Kones 1930-1933 / pod red. V. Danilova, R. Manning, L. Violy. - M.: «Rossiiskaia politişeskaia ensiklopediia» (ROSSPEN), 2001. - 1008 s.

5. Golod v SSSR. 1929-1934. V 3 t. T. 1. 1929-iiul 1932. V 2 kn. Kn. 1 / Otv. sost. V. V. Kondraşin. — M.: MFD, 2011. — 656 s.

6. Qūdaibergenova A.İ. jāne t.b. HH ğasyrdyñ 30-jj. basyndağy jappai aşarsylyq kezeñindegi Ortalyq Aziia respublikalary men Reseidegi qazaq bosqyndary: Ūjymdyq monografiia.– Almaty: «Madiiar» JK, 2022. – 259 b.

7. Aubakirova J.S., Alekseenko A.N. Demografiialyq tarih konteksindegi qazaqtar. Monografiia / J.S. Aubakirova, A.N. Alekseenko. – Nūr-Sūltan: «Şajyraq-Media» JŞS, 2020. – 400 s.

8. Nikkolo Pianşiola, Stalinismo di frontiera: colonizzazione agricola, sterminio dei nomadi ecostruzione statale in Asia centrale, 1905-1936 (Rim, 2009 g.). – «Golod v stepi: kollektivizatsiia selskogo hozäistva i kazahskih skotovodov, 1928-1934 gg.». Cahiers du Monde russe 45 nom. 1-2 (2004 g.). – S. 137-192.

9. İzabel Ogaion, Isabelle Ohayon, La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline. – Stalindik KSRO-da qazaqtardy otyryqşylandyru. (Elektronnyi resurs) / <https://doi.org/10.4000/monderusse.6809> (Qaralğan uaqyty 23.03.2023)

10. Kindler R. Stalinskie koşevniki: vlast i golod v Kazahstane / Robert Kindler; (per. s nem. L.Ü. Pantinoi). – M.: Politişeskaia ensiklopediia, 2017. – 382 s.

11. Kameron S. Golodnaia step: Golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazahstana / Sara Kameron; avtoriz. per. s angl. A. Tereşenko. – M.: Novoe literaturnoe obozrenie, 2020. – 360 s.

12. Akimbekov S. Kazahi mejdu revolüsiei i golodom. – Almaty: TOO «İnstitut Aziatskih issledovaniı», 2021. – 584 s.

13. Nikkolo Pianşiola, Stalinismo di frontiera: colonizzazione agricola, sterminio dei nomadi ecostruzione statale in Asia centrale, 1905-1936 (Rim, 2009 g.). – «Golod v stepi: kollektivizatsiia selskogo hozäistva i kazahskih skotovodov, 1928-1934 gg.». Cahiers du Monde russe 45 nom. 1-2 (2004 g.). – S. 156.

14. Tragediia sovetsoi derevni. Kollektivizatsiia i raskulaşivanie. 1927- 1939. Dokumenty i materialy. – M.: «Rossiiskaia politişeskaia ensiklopediia» (ROSSPEN), 2001. – S. 209.

15. Tragediia sovetsoi derevni. Kollektivizatsiia i raskulaşivanie. 1927- 1939. Dokumenty i materialy. – M.: «Rossiiskaia politişeskaia ensiklopediia» (ROSSPEN), 2001. – S. 336.

16. Tragediia kazahskogo aula. 1928-1934: Sbornik dokumentov. T.2. 1929 - äнвар 1932 / [sost. A.S. Zulkasheva [i dr.]. - Almaty: Raritet, 2018. – S. 514.

17. İzabel Ogaion, Isabelle Ohayon, La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline. – Stalindik KSRO-da qazaqtardy otyryqşylandyru. (Elektronnyi resurs) / <https://doi.org/10.4000/monderusse.6809> (Qaralğan uaqyty 23.03.2023)

18. Mustoiapova A. Dekolonizatsiia Kazahstana [Decolonization of Kazakhstan]. – Almaty: AmalBooks, 2022. – S. 184.

19. Şyğys Qazaqstan oblysy memlekettik arhivi (ŞQOMA) Altai bölmşesi. 6-q. 1-t. 155-ıs. 6-10-p.

20. Tragediia sovetsoi derevni. Kollektivizatsiia i raskulaşivanie. 1927- 1939. Dokumenty i materialy. – M.: «Rossiiskaia politişeskaia ensiklopediia» (ROSSPEN), 2001. – S. 141.

21. ŞQOMA. 788-q. 1-t. 35-ıs. 107-p.

22. Kindler R. Stalinskie koşevniki: vlast i golod v Kazahstane / Robert Kindler; (per. s nem. L.Ü. Pantinoi). – M.: Politişeskaia ensiklopediia, 2017. – S. 199.

23. Qazaqstan Respublikasynyñ Ortalyq memlekettik arhivi (QR OMA). 4-q. 2-t. 492-ıs. 54-p.

24. Musin M. Tünekte tünşyqqandar. Saiasi quğyn-sürgin qūrbandary turaly kitap. – Öskemen, 1997. – 53-55-b.

25. Aşarsylyq. Golod. 1928-1934. Dokumentalnaia hronika. Sb. Dok. T. 2. 1930-1931 / Otv. redaktor B.Äbdġaliūly. – Almaty, «Atamūra», 2021. – 594-601-b.

26. Kindler R. Stalinskie koşevniki: vlast i golod v Kazahstane / Robert Kindler; (per. s nem. L.Ü. Pantinoi). – M.: Politişeskaia ensiklopediia, 2017. – s. 206

27. Akimbekov S. Kazahi mejdu revolüsiei i golodom. – Almaty: TOO «İnstitut Aziatskih issledovaniı», 2021. – C. 452.

28. ŞQOMA. 338p-q. 1-t. 188-ıs. 29-p. 75-p.

29. Qazaqstan tarihy (köne zamannan büginge deın). Bes tomdyq. 4-tom. – Almaty: «Atamūra», 2010. – 249-b.

30. *ŞQOMA. 139p-q. 1-t. 65-ıs. 29-30-b.*
31. *Qazaqstan Respublikasy Prezident arhivi (QR PA). 141-q. 1-t. 5052-ıs. 10-23-b.*
32. *Qazaqstan Respublikasy Prezident Arhivi (QR PA). 141-q. 1-t. 4577-ıs.*
33. *ŞQOMA. 788-q. 1-t. 38a-ıs. 3-p.*
34. *ŞQOMA. 788-q. 1-t. 41-ıs. 6-p.*
35. *ŞQOMA. 788-q. 1-t. 41-ıs. Pp. 7, 25, 27, 32.*
36. *Tragediia sovetskoi derevni. Kollektivizasiia i raskulaşivanie. 1927– 1939. Dokumenty i materialy. – S. 336.*
37. *Şyğys Qazaqstan oblysy «Qazırǵı zamanǵy tarihty qūjattandyru ortalyǵy (ŞQO QZTQO). 3p-q. 1-t. 209-ıs. 16-p.*
38. *ŞQOMA. 1p-q. 1-t. 4981-ıs. 79-80-p.*